# ПРОЗА



**Өмір КӘРІПҰЛЫ**

# СЫРНАЙШЫ ШАЛ



Қаланың ортаңғы орамындағы көлемді үйдің тоғызыншы қабатында тұратын бұлардың баспанасы шағын.Үш бөлмелі пәтер алты жанға тарлық етеді. Отбасына тағы бір мүше кеп қосылғалы тіптен тарылып кетті. Бір ұл, екі қыз өсірген Құттыбек шал елу жыл жолдас болған қосағынан айырылған соң, келін мен баланың қолына келген еді. Бұлардың сыры өзіне мәлім. Ауылда тұрғанда, сыр-сымбатына әбден қанған. Жалғыз ұл босандау боп өсті, өзіне оқу қонбады. Бер емес, екі жоғары оқу орнын тастап кетті. Біреудің ерке қызын алып қашып алған-ды. Ауылдағылар оны «Серілігі әкесіне тартқан» деп көрінеу көтермелейді. Серілігінен де перілігі басым ол «ақжорғаны» тайпалтты. Ішкенде өзімен-өзі болады. Сүйіп алған сүйіктісі не айтса соған тоқтайтын еді. Бүгінде екі ұл, үш қыздың әкесі.

Бұлар қалаға ертерек орнықты. Сыртта жүрсе шырайтын шығар деп үміттенген қамкөңіл әке мен шеше қолдағы малды ақшалап берген еді. Үш бөл-

оларда да сондайлық пейіл жоқ. Түрік құлақ темірге шұқшияды да жатады. Ұлының да жылуары аз боп тұр. Бірдеңесін ішіп алады ғой деймін, бұкиып көзімен жер шұқығанына зығырданы қайнайды. Оңаша бір отырыста: «Әкей, сіздің бұнда жағдайыңыз болмайды», - деп айтып қалған. «Қыздарың бар ғой», - деп және емеуріндеген. Әке-шешелерінің қырпымен бола ма, балалары да аталарына салқын тартып тұрады.

Қолынан шығармайтын көне сырнайын құлаштап соза бергені сол екен, көзілдірікті үлкен немересі; «Бросьте

өскен кәрияның ата-бабалары сол атырапта дамылдап жатыр. Жастайынан ән-жырға үйір оның білімі орташа еді. Әдебиетке бейім жыршылығы болатын. Мектептен соң, облыстағы музыкалық училищеде оқып, білімін толықтырған. Аудандық мәдениет үйінде қырық жыл қызмет атқарды. Жар қосағы Бибінұр бір сыдырғы әнші болатын. Жұбайының әкесі қос орденді атақты аға шопан. Содан да бұлар тұрмыстан аса таршылық көре қоймады. Нарыққа бет бұрған жылдарда өнер шаңырағынан ұзамады. Ерлі-зайыпты қос өнерпаз өтпелі кезеңнің ауыртпалығы жұқартқан ауылдастарының көңілін ән-күймен демеді. Өзінің өнердегі тұңғыш әні «Ақжар вальсі» шырқалғанда, ұл-

қоныс аударған. Аузын ашса, көмейі көрінетін аңқылдаған ағалары да қалмады. Өзінің де келісіп тұрғаны шамалы. Бір кездегі жігіт дүрі, өнер серісі кәрілік салдарынан ұсқынсыз әруейге айналған.

Шіркін, сол жалындаған мұңсыз-қамсыз күндер-ай! Сахнаға жарқ етіп шыға келгенде, келісті ер кейпі көрер көзді тұсап тастайтын еді. Бибінұр да бет біткеннің бәдендісі-тін. Құлақ тосаңсып, көз бұлдырағаны, аяқ-қолдың мұздап, белдің сырқырағаны өз алдына, ішті кемірген зар-наладан бүтін жан дүниесі иесіз үйдей азынап кететіні бар.

Көз алдына өткен күндердің елесі келер еді. Өзін сахнада ән салып тұрғандай сезінген ол сырнайды құлаштай созып: «Алтын бесік - Ақжарым, сағынышым арманым», - деп ыңылдай бастағанда, қойнында жатқан немересі: «Ата, успакойса!» - дегенін елеместен «Ақжар вальсін» соза түседі. Тыныштала қоймаған соң, үй иесі тұрып кеп: «Әкей,

мелі пәтер - сол пұлға сатып алынған баспана. Ұл босаңдау болғанымен, келін ширақ келді. Біреудің үкідей үлпілдеген ерке қызы, обалына не керек, ибалы еді. Жүре келе мінез шығарды. Дауасыз дертке шалдыққан бәйбішесі: «Менсіз саған қиын болады. Келін мен балаға сыймайсың. Қыздарыңды сағала»,-деп өсиет еткен.

Қалаға тұрақтаған төрт-бес жұмада Құттыбек шал өзін монтаны қалыпта

ұстады. Келіннің тасырақ-тосырақына еті үйреніп келеді. Шіп-шикі перзент-терін асыраудың қамымен жар құлағы жастыққа тимей жүрген келінді не деп жазғырады?

Шалдың күрсінісі жиілеп кетті. Жүрегі мықты еді, жетпісті орталағанда,

бәйбішесінен айырылып қалғаны ауыр соқты. Кешегі дәуірлеп тұрған жылдарда сүйріктей сүйкімді екі қызына жоғары білім әперген. Ұзап оқығанның салдары ма, екеуі бірдей сүйіктілерімен қол ұстасып, қиянды бетке алып кете барған. Шешелері өлгенде, жылап-сықтап бір келді. Содан бері олардан хабар жоқ. Ұзын құлақтан естуінше, кіші қызының күйеуі банкіден алған қарызын өтей алмай істі боп қалған көрінеді. Үлкен қызы балалы-шағалы. Ата-енесі қолында тұрады деп естиді. Қыздардан қайыр жоқ. Жалғыз ұл мен келіннің де жағдайы мәз емес. Келіні саудамен айналысады. Қияндағы бір қаладан қоржындап тасыған терезе перделерін сатады. Олжалы оралса, құдайдың жарылқағаны. Барған шаруасының сәті түспей қалса, үй ішінде береке қалмайды. Көше сыпыратын күйеуінен бастап балаларын да бидайша қуырады. Келіннің ысқырық-ызбарынан Құттыбек шал тайсалады. Немерелеріне алданайын десе, келіннің қабағынан жасқанады. «Атай, балаларды мазалай бермеңіз, бұлардың сізді тыңдауға мұршасы жоқ. Уақыттары шектеулі, көп оқып, көп түртінеді, - деп бір емес, бірнеше ескерткен. Аталарына ыңғай беретіндей



эту штуку!» - деп зекіріп қалғанда, селк етіп шошып кетті. Ескі серігі сырнайды құйқылжытқанда көмейінен жыр төгіліп сала беруші еді. Сондай сілкіністе арқа-басы жазылып, бір жасап қалатын-ды. Бәйбішесі де көмейі бүлкілдеген қырғын әнші болатын. Әп-сәтте жинала қалған көрші-қолаң дуылдата қол соғады. Сөйткен мекеннен, құтты қоныс Ақжардан көз жазғаны Құттыбек қарияға оңай тиіп тұрған жоқ. Кәрі құлжадай можа-можа өлмелі шал осында тұрақтаған аз күнде еңселеп қалды. Бір жабысқақ мұң іші-бауырын жидітіп барады. Сағыныш азасы және қинайды. Осындай торығысты сәтте өзі шығарған «Ақжарым - алтын мекенім» әнін қоңырлатар еді. Енді сол жүрегінен үзілген ән өзіне жат көрінеді. Жат көрінбегенде қайтеді, ауылдағыдай ашылып шашылатын жағдай қалаға үйеспейтін көрінеді. Қала адамы ерсілікке жоқ, ұстамды болуға тиісті. Даурықпаға салынуға еш болмайды. Орынсыз жерде ән салу деген шаһар мәдениетіне жатпайды екен. Қорап үйлерде сығылысып тұратын қала тұрғындары өмір бақида көріспегендей-ақ, бір-бірін жатыркап тұратынына таң. Амандық ишарасымен бас изесуге де жоқ.

Құттыбек ғұмыр бойында ауылда тұрып келген-ді. Облыс орталығынан мойыны алыс Ақжар ауданында туып



үлкен-кіші қосыла әндетеді. Қаукөрік қонақуар ақжарлықтар сый қонақты осы әнмен қарсы алып жататын-ды. Елуге тарта жазған әнінін шырайлысы осы «Ақжар вальсі болатын. Әнді Ақжардың үлкен-кішісі күні бүгінге шырқайды. Сондайыстық ұя, қайран ауылды қиып кету Құттыбекке ауыр соқты.

Өзі жетекшілік еткен «Ақжарым - алтын бесігім» ансамблі кезінде Қазақстанға белгілі болған еді. Ансамбль қызды-қыздымен Мәскеу төрін де көріп қайтқан. Қайран сол жылдар еске түскенде, Құттыбектің көкірегін күрініс кернейді.

Бәйбішесі өмірден озған соң да екі жыл шыдаған. Жалғыздыққа төзе алмады. Қырық жыл тұрақ болған құтты ұясын сатып, ақшалап алған соң, амалсыздан қалаға жылжуға тура келді. Жолға жиналған әрі-сәрі күндерде мәдениет үйіне қайта-қайта барғыштай берген-ді. Осы құтты өнер шаңырағында жарты ғасыр ғұмыры өткен еді-ау... Мәдениет үйі қала үлгісімен салынған көрнекті болатын. Төңірегі ағашты еді. Сәнді орындықтар қойылып, гүлмен көмкерілген хауыз бақтан су бұрқағы атқылап жатады. Неше қилы қарағай, шырша, емен ағаштарын кезінде өз қолымен отырғызған.

Өмір осы деп түйілген. Бауыр басқан мекенде баяғы елібайшылық жоқ. Ауыл ортайыңқы. Көз көргендердің де қатары селдіреп барады. Құлын-тайдай тебіскен жора-жолдас көзіне шанжау шалынады. Жарты ғасыр қол ұстасқан Бибінұрдың басына күніге бір бармаса, көңілі көншімеуші еді. Қауқылдасқан қатарластары бірте-бірте сол жаққа бұның не сенің!?» - деп жұлқылағанда барып зорға тоқталады. Ертесінде келіні тергеуге алады. «Аташка, сіз ауырасыз ба?! - дейді жүгірінді тіршіліктен мезгілсіз тозып кеткен өңі сұрғылт тартып. - Бұл - қала ғой! Көрші-қолаң, сізді мазасыз деп жүр».

- Енді қайтемін?! - дейді атасы келінге берісксі келмей. - Есіктерін қақпасам, бет-жүздерін көрмесем, олардың менде не жұмысы бар?!

- Қаланың көп қабатты үйінде тұратындардың жүйкесі жұқа келеді, аташка! Сіздің ұйқысырағаныңыз есеп емес оларға.

- Былай ыңылдап ән салғанда не тұр?

- Әнді сахнада салмай ма, аташка?

- Онда мен қойдым.

Сырнайшы шал үйреншікті дағдысын қоя алмады. Қойған былай тұрыпты, асқындырып жіберді. Сондайлық оғаштыққа бара қоймаса да, жүріс-тұрысында сөкеттік байқалып тұрады. Баяғы әртіс киімдерін үстіне ілгені өзіне жарастықта көрінгенімен, сырт көзге ұнамайтынын қайдан білсін?! Тәуелсіз ел болдық қой, емін-еркін жүріп тұрғанда не тұр деп көңілін кеңге салатын өнерпаз қария ауылда өзін еркін ұстайтын еді. Үнемі ескі сырнайын иығына ілетін әдетін қалада да тастай алмай жүр.

Келін мен баладан мықтап ескерту алған Құттыбек қалалық баққа бет алды. Үстінде әртіс киім, иыққа ілгені өзінің ескі серігі қара гармонь. Екі иықты керіп тастап жүретін баяғы күні жоқ, емпелеңдей басқан оның сырт кейпі былайғы көзге сөлекеттеу шалынады. Кесек бітімді келісті кейпінің нобайы ғана қалған, оның иықты тұрқы шөгіп кеткен. Сырт көз осы жүрісінен сырнайшы шалды ақылесі кемшін адам деп ойлауы әбден мүмкін. Ауылда жүргендегі әдет-дағдысын қалада да тастағысы жоқ. Одан қалса, біткені ғой.